

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Байсарина Сандугаш Сайлауовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты, РЖҒА-ның профессоры
ms.2110@bk.ru

Аннотация. В данной статье изучена суть этнопедагогического образования в подготовке будущих педагогов. Этнопедагогические вопросы образования в современном мире имеют важное значение в сохранении культурных традиций всех этносов при подготовке специалистов высшей школы. Возрождение духовных ценностей этноса в образовательном процессе, перспективы развития общества, возрождение народных традиций в обществе реализуют национальное сознание, его цели и направленность в этнопедагогическом образовании. Важно показать, что этнос как устойчивая социальная община является мощным фактором формирования личности в исторической форме, а социальный опыт - в обеспечении единства этнокультурных традиций. Все это способствует формированию четкого понимания того, что народная педагогика связана с конкретными этническими педагогическими традициями, проявляющими специфический менталитет нации, если она включает в себя эмпирические педагогические знания и инструменты, не относящиеся к конкретной этнической общности.

Ключевые слова: этнопедагогическая подготовка, будущие педагоги, национальное воспитание, историко-педагогические исследования, учебно-воспитательный процесс, студенты.

Abstract. This article studied the essence of ethnopedagogic education in the training of future teachers. Ethnopedagogic issues of education in the modern world are important in preserving the cultural traditions of all ethnic groups in the training of higher education specialists. The revival of the spiritual values of the ethnic group in the educational process, the prospects for the development of society, the revival of folk traditions in society realize the national consciousness, its goals and focus in ethnopedagogic education. It is important to show that ethnos as a stable social community is a powerful factor in the formation of personality in historical form, and social experience is in ensuring the unity of ethnocultural traditions. All this contributes to the formation of a clear understanding that folk pedagogy is associated with specific ethnic pedagogical traditions, showing the specific mentality of the nation, if it includes empirical pedagogical knowledge and tools that are not related to a specific ethnic community.

Key words: ethnopedagogic training, future teachers, national education, historical and pedagogical research, educational process, students.

Қазіргі заманғы жаһандану жағдайындағы полимәдени және этникалық қоғамда, жоғары мектептегі білімнің алдында студенттерге этникалық құндылықтарды меңгертуде, халықтық және ұлттық мәдениетті оқу-тәрбие процесінде ізгілендіру, әлемдік мәдениет шеңберінде мәдени өзін-өзі сәйкестендіруді шешу мәселесі тұр.

Әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалар білім алушылардың этникалық және ұлттық өзін-өзі анықтауын өзектілендіреді, бұл халықтық педагогиканы жаңғырту, этникалық мәдениеттің негізін құрайтын халықтық мұрат, ұлттық құндылықтар арқылы құндылық бағдарларды тәрбиелеу қажеттілігін дәлелдейді.

Этнопедагогика ғылымы болашақ маманды тәрбие жүйесіндегі этникалық өзгешеліктер мен ұлттық даралық жайлы біліммен қамтамасыз етеді, көп ғасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған педагогикалық байлықты практикада қолдана алу дағдысын игертуді көздейді [1, 356].

Этностың орнықты әлеуметтік қауым ретінде тұлға тарихи зерде қалыптастыруы, әлеуметтік тәжірибе этномәдени дәстүрлердің бірлігін қамтамасыз етуде қуатты фактор екендігін көрсетудің мәні үлкен. Мұның барлығы халықтық педагогика өзіне нақты этникалық қауымға қатыссыз эмпирикалық педагогикалық білімдер мен құралдарды кірістірсе, этнопедагогика ұлттың өзіндік менталитеті ерекше, яғни көрініс берген нақты этникалық педагогикалық дәстүрлермен байланысты екендігі жөнінде анық түсініктің қалыптасуына ықпал етеді.

Этникалық тәрбие дәстүрлері адам әлеуметтенуінің ықпалды құралы бола отыра, білім алушыларды қоғамда тіршілік етудің түрлі тәртіптеріне дайындауға қабілеттілігі жайлы ұғымды тереңдетеді. Этностың педагогикалық мәдениетін қоғам дамуының бүкіл кезеңдеріне тән әлеуметтік тарихи құбылыс ретінде қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Жоғары білім берудің ашық жүйесі жағдайында елдер мен білім беру жүйелерінің мәдени әртүрлілігін сақтау мәселесі шиеленісіп отыр. Ендеше, университеттегі білім беру мазмұнына өзгерістер енгізу қажеттілігі айқын. Осыған байланысты мұғалімдердің кәсіби этнопедагогикалық дайындығы ерекше өзекті болып табылады [1, 52б.].

Қазіргі жағдайда тәжірибеде, білім беруде халық педагогикасы жас ұрпақты тәрбиелеудің қуатты құралына айналды. Олай болса, халық педагогикасының ұлттық құндылықтарына жалпы талдау жасағанда, оларда этникалық тәрбие, отбасы, ата-ана, бала туралы, сыйластық, достық, сүйіспеншілік, Отан және оның байлығын молайту туралы кеңінен қолдануға лайық мәліметтер бар екендігін көрсетеді.

Болашақ маман тәрбие жұмысының сапасы мен нәтижелігі ғасырлар бойы қалыптасқан этнопедагогика жетістіктерін тиімді пайдаланумен анықталатынын түсінуі аса қажет. Сондықтан педагогикалық оқу орнындағы студенттің халық өміріндегі құбылыстардың педагогикалық мәнін талдап, олардың тәрбиенің қазіргі міндеттеріне сай немесе сәйкес еместігін ажырата алу, сондай-ақ мәлім және аса мәлім емес халықтық педагогикалық шығармаларын анықтау және жинаудағы ізденіс жұмыстарына белсене қатысуы, көне әдет-ғұрыптардың қазіргі жағдайдағы педагогикалық мүмкіндіктерін анықтай алу, жаңа дәстүрлі халықтық мейрамдар мазмұны мен ескі тәртіптердің өзара әрекеттесуі, қазіргі салттар және олардың көне әдет-салттарымен сабақтастық байланысын аша білу дағдысын игеруі аса маңызды.

Этнопедагогиканың халыққа білім беру саласында қолданылу жағдайларымен байланысты мәселелер проблеманың өзіне және оның шешілу жолдарына толық түсіндірме беру арқылы баяндалғаны тиімді, сондықтан да этнопедагогиканы алдымен оқу-тәрбие процесіне кеңінен енгізудің негізгі жолы өткен кезеңдерде қисынсыз алынып тасталған халықтық және табиғатпен үйлесімділік, педагогикалық принциптерін жаңарту екендігі арнайы атап көрсету қажет.

Халықтың педагогикалық даналығы халықтық тәрбие құралдарын толық пайдаланған жағдайда ғана осылар педагогика ғылымын байытуға, жастарға білім беруді жаңартуды жүзеге асыруға, отбасы, балабақша, кәсіби оқу орындары тәрбие проблемаларын шешудегі одағын нығайтуға елеулі үлес қосатын бастау болып табылатындығын ескеру керек [2, 120б.].

Этникалық қауым педагогикасының дамуын зерттейтін педагогикалық білімдердің педагогиканың дамуын халықтың педагогикалық дәстүрлерімен бірге қарастыру тек қызығушылық туғызып қана қоймайды, зерттеуді де қажет етеді.

Этнопедагогикалық білім болашақ маманға тәрбие жүйесіндегі этникалық өзгешеліктер мен этнос педагогикасының пайда болуын, дамуы және қазіргі этникалық қауымға педагогикалық мәдениетті, қоғам дамуының бүкіл кезеңдеріне тән әлеуметтік ішкі тарихи-педагогикалық даму заңдылықтарын меңгертеді.

Этнопедагогика мәселесі көкейкестілігінің жаңа қоғам талаптарымен ұштасып жатқанын Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулары, нормативті құжаттары мен бағдарламалары «Халық педагогикасы дәстүрлерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану», «Этнопедагогика және білім жүйесіндегі дарынды

балалар проблемасы», «Этникалық педагогика курсы», ғылыми-практикалық конференция материалдары және соңғы буын оқулықтарының жарық көруі дәлелдеп отыр.

Орындалған зерттеулерге жасаған талдау бойынша мынадай көріністерді байқауға болады:

- этнопедагогика проблемалары барлық мемлекетте педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі болып саналады;
- этнопедагогиканы мектеп практикасына кешенді ендіру мәселесі жеке зерттеу проблемасы тұрғысында қарастырылмайды және зерттеулердің басым көпшілігі халық педагогикасы аясында орындалған;
- этнопедагогика мен халық педагогикасы материалдары (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы, салт-дәстүрлер) мектеп жасына дейінгі мекемелерде (О.В.Леонова, З.Б.Лопоносова, Р.Ш.Халикова, Ж.М.Орозбаев) мектептерде (В.И.Баймурзина, А.Ш.Хасанов, В.Ж.Хамаганов, Л.Г.Агурашвили, С.С.Байсарина) тәрбие құралдары ретінде зерттелді;
- этнопедагогика мен халық педагогикасы материалдарын жеке пән сабақтарында пайдалану жолдары - математика Х.Г.Валицис, әдебиет А.А.Полякова, Ж.А.Доржиева, еңбекке баулу Қ.Қ.Шалғынбаева, А.К.Атдаев, Л.В.Ершова, денешынықтыру Е.Сағындықов, В.П.Красильников еңбектері негізінде анықталды.

Ұлттық білім беру жүйесіне тәрбие берудің дәстүрлі мәдениетін кіріктіру, халықтық педагогика тәжірибесін жаңарту және пайдалану көпұлтты және осы көп ұлтты мемлекетте тұрып, еңбек ететін қоғамның мәдениетті, білімді өкілдерін тиімді дайындауды, халық мәдениетін білуге, басқа халықтардың құндылықтарын құрметтеуде ықпалы зор.

Бұл мәселені шешу, біздің ойымызша, мұғалімнің кәсіби этнопедагогикалық дайындығына байланысты. Бұл ойды ғалым Г.Н.Волковтың пікірі дәлелдей түседі, ол педагогикалық процесті ұлттық тәрбие дәстүрін, әдет-ғұрыпты ескере отырып, көп ғасырлық мәдениет негізінде ұйымдастыру, мектептен бастау алады, яғни бастауыш сынып мұғалімі меңгертеді деп есептеді [1, 516.].

Этнопедагогикалық бағыт пен мазмұн пәндерін оқи отырып, студенттер дәстүрлі халықтық құндылықтар мен құндылық қатынастар жүйесімен танысады: Отанға, балаларға деген сүйіспеншілік, ұстаздық, білім, еңбек, табиғатты қорғау қызметі, ұлттық мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер. этникалық топтар және т.б. Осы құндылықтардың барлығын қалыптастыру халықтық құндылықтар призмасы арқылы жүзеге асады, ол білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің түпкі мақсатын көрсетеді, оған білім беру процесінің міндеттерін жүзеге асыруға ұмтылу керек [4, 976.].

Л.И. Боровиков: «этномәдени құзыреттілік - оқытушыға өзінің кәсіби қызметін этносеңімтал етуге мүмкіндік береді, яғни этномәдени құндылықтарға, сұраныстарға, белгілі бір қоғамда қалыптасқан этномәдени қатынастар мен халықтың ұлттық сипатының ерекшеліктеріне, стандарттарына неғұрлым сезімтал бағытталады», - деп тұжырым жасады [5, 466.].

Оқытушының этнопедагогикалық құзіреттіліктің де құрамдас бөлігі ретіндегі этникалық құндылықтарды меңгеруінің маңыздылығы оның өскелең ұрпаққа негізгі этникалық және мәдени құндылықтарды беру қызметін де атқаруында, дәстүрлі құндылықтар халық педагогикасында негізгі қасиеттерді біріктіретін кемел тұлғаны қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің басты мақсатын білдіреді.

Халықтық және қазіргі заманғы педагогикадағы басты міндеттердің бірі - осы құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне енгізу болып табылады. Әмбебап сипатқа ие дүниені түсінудің құндылық қатынасы арқылы қалыптасатын этникалық құндылықтарды жекелеген этнос қандай да бір жинақталған және маңызды эмпирикалық тәжірибе ретінде қабылдайды. Осылайша, құндылықтар кез келген ұлттың немесе басқа адамдар ұмтылатын мақсаттар туралы жалпы қабылданған сенімдерді көрсететін дәстүрлердің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Этникалық құндылықтар туралы білім халықтың сипатын көрсетеді, халықтың әлеуметтік-тарихи және мәдени ерекшеліктерімен анықталады. Білім берудің этникалық

құндылықтары халықтың мәдениетіне тән рухани-адамгершілік құндылықтарын көрсетеді, оны әрбір кейінгі ұрпақ оларды жаңғыртуға тырысады. Әр халықтың өзіндік құндылықтар жүйесі бар, бірақ жалпы адамзат тәрбиесінің негізінде жатқан ортақ құндылықтар да бар.

Этникалық құндылықтардың сақталуы мен кейінгі ұрпаққа берілуіне бірнеше факторлар әсер етеді, мысалы: отбасы, дін, қоршаған орта, қоғамдық пікір. Этникалық құндылықтар еңбексүйгіштік, отбасы мен жақындарына деген сүйіспеншілік, патриоттық, адалдық сияқты жалпыадамзаттық адамгершілік қасиеттердің жиынтығын көрсететін кемел тұлға, ұлттық мұраттан көрінеді [6, 130б.].

Ұлт құндылығы тәрбиенің түпкі мақсатын, оқу-тәрбие процесінің мақсаттылығын айқындайтын кемел білімнің бір түрін көрсетеді. Кемел тұлғаның заманауи мұратын талдай отырып, оны алдыңғы ұрпақ мұраттарымен салыстыра отырып, оның ерекшеленетінін, дегенмен, негізгі адамгершілік қасиеттердің мызғымас, өмір сүріп жатқан заман мен жағдайға бағынбайтынын атап өтуге болады. Ең жоғары жаратылыстың бір көрінісі – «адам - қазіргі заман» деп атап өтуге болатын физикалық және рухани кемелдікке үнемі ұмтылу.

Студенттердің мәдени-этникалық тәрбиесі олардың болашақ педагогикалық қызметінде студенттердің этнопсихологиялық ерекшеліктерін және халықтың басым әлеуметтік-мәдени тәжірибесін ескеруге ықпал етуі керек, сондай-ақ, мәдени мұраға енген халық даналығының педагогикалық арсеналы студенттердің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін пайдалануды қамтамасыз етуі керек [1, 200 б.].

Студенттермен жұмыс жасауда оларды этнопедагогикалық біліммен таныстыру үдерісін интеллектуалдыландыру, этнопедагогиканың заманауи даму, әдістемелік және ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ететін ғылыми білім екендігі туралы идеяны сіңіру қажет болып табылады.

Әдебиеттер

1. Байсарина С.С. Қазақ этнопедагогикасы. - Алматы: «Халықаралық жазылым Агенттігі» ЖШС. -2009. -200б.
2. Әбілов З., Қалиева Қ. Этнопедагогика». - Алматы: «Білім». -1999.-170б.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. - Астана: «Мастер ПО». -2007.-200б.
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. - Алматы: «Санат». -2001. -220б. 5.
5. Боровиков Л.И. Мұғалімдерді дайындау сапасын өлшеу // Сібір мұғалімі. - 1999. - №3. - Б. 46.
6. Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы: «Рауан». -1995. -250б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АГРЕССИВТІЛІГІН АНЫҚТАУ МЕН АЛДЫН АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ботабаева Әдемі Еркебайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Нұр-Сұлтан қ.

Ботабаева Перизат Еркебайқызы

«Үміт» мектеп интернаты, Шымкент қ.

Сансызбай Меруерт Абдиқалыққызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан қ.

Аннотация. В статье рассказывается о важности выявления и профилактики агрессивности младших школьников. Поскольку агрессия младших школьников тесно связана с эмоциональным гневом, обучение умению проявлять свой гнев в приемлемой